

"Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 21 қазандағы № 112-1773 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 қарашада № 855 болып тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 30 қыркүйектегі № 112-1701 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 30.09.2015 № 112-1701 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы, «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі заңдарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) туралы ереже қосымшаға сәйкес **б е к і т і л с і н .**

2. Басқарма басшысы осы қаулыны, кейіннен ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген интернет-ресурста және Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында жариялап, әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді жүргізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары **А . Ғ . Балаеваға жүктелсін .**

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Әкім **И. Тасмағамбетов**
Астана қаласы әкімдігінің
2014 жылғы 21 қазандағы
№ 112 - 1773 қаулысына
қосымша

«Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. «Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Астана қаласының аумағында туризм, дене тәрбиесі және спорт саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрі және мөртабандары, белгіленген үлгіде бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Басқарма егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіпте Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы және штат саны лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Басқарманың мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Бейбітшілік көшесі, № 11.

10. Мемлекеттік органның толық атауы: «Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

12. Басқарманың қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Басқарманың миссиясы: туризм, бұқаралық дене тәрбиесі және спорттың тиімді дамуына қолайлы жағдайлар қалыптастыру, сондай-ақ осы салада жоғары нәтижелерге жету болып табылады.

15. Міндеттері:

1) туризм, дене тәрбиесі және спорт саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

2) қоғам дамуының өзгеру жағдайларына сәйкес Астана қаласы туризм, дене тәрбиесі және спорт жүйесінің тиімді қызмет етуін және оны әлеуметтік-экономикалық қорғауды қамтамасыз ету;

3) кәмелетке толмағандар арасында қадағалаусыздық пен панасыздықтың, құқық бұзушылықтың және қоғамға қарсы іс-әрекеттердің алдын алу саласындағы іс-әрекетті үйлестіруді қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтау;

5) гендерлік және отбасылық-демографиялық саясатты іске асыруға ықпал жасау;

6) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жылжыту кезінде гендерлік теңгерім нормаларын сақтауға ықпал жасау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді іске асыру.

16. Функциялары:

1) дене тәрбиесі және спортты дамытудың өңірлік бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

2) спорттың әр түрлері бойынша қалалық жарыстар өткізу;

3) спорттың әр түрлері бойынша қалалық құрама командаларының республикалық және халықаралық жарыстарда қатысуы бойынша дайындықты қамтамасыз ету;

4) Астана қаласының аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қолдау;

5) қалалық мамандандырылған оқу-спорт мекемелерінің қызметін үйлестіру;

6) спорт ұйымдарына әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;

7) спорт шеберлігіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары

және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру;

8) қалалық спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын әзірлеу, бекіту және іске асыру;

9) Астана қаласының аумағында спорт ұйымдарының қызметін үйлестіру;

10) Астана қаласының аумағында спорт шараларын ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіру;

11) Астана қаласы бойынша дене тәрбиесі және спортты дамыту туралы мәліметтерді талдап, дене тәрбиесі және спорт жөніндегі уәкілетті органға табыс ету;

12) ресми дене шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

13) дене шынықтыру және спорт іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

14) дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын пайдалануды үйлестіру;

15) спорт мектептеріне, спорт мектебінің бөлімшелеріне «мамандандырылған» деген мәртебе беру;

16) халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарды өткізуге арналған спорттық ғимараттарды жобалау үшін техникалық өзіндік ерекшеліктер мен техникалық тапсырманы республикалық аккредиттелген спорт федерацияларымен келісу;

17) жергілікті спорт федерацияларын аккредиттеуді жүзеге асыру;

18) Басқарма құзырындағы мемлекеттік заңды тұлғаларға қатысты уәкілетті органның функциясын жүзеге асыру;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Астана қаласының туризм, дене тәрбиесі және спорт саласында шарттар мен келісімдер жасау;

20) туризм, дене тәрбиесі және спорт саласындағы кадрлық саясатты және туризм, дене тәрбиесі және спортты дамытудың өңірлік бағдарламасын жүргізу;

21) Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының, аумақты дамыту бағдарламасы бөлімдерінің негізінде Астана қаласында туризм, дене тәрбиесі мен спортты дамыту бойынша стратегиялық құжаттарды әзірлеу, сондай-ақ оларға мониторингтің жүргізілуін қамтамасыз ету;

22) конференциялар, семинарлар ұйымдастыру, туризм, дене тәрбиесі және спорт мәселелері бойынша жұмыс тәжірибелерімен алмасу;

- 23) Астана қаласының аумағында туризм қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және үйлестіруді жүзеге асыру;
- 24) Астана қаласының аумағында туристік операторлық қызметті лицензиялау;
- 25) гидтің (гид-аудармашының) кәсіптік дайындығын ұйымдастыру;
- 26) Астана қаласының аумағында туристік саланы дамыту жөніндегі іс-шаралардың жоспарын уәкілетті органның келісімі бойынша бекіту;
- 27) Астана қаласының аумағында туристік қызметті іске асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізілімін жүргізу;
- 28) Астана қаласының аумағында туристік бағдар мен жолдың мемлекеттік тізілімін жүргізу;
- 29) туристік қызмет субъектілеріне туристік қызметті ұйымдастыру мәселелері бойынша әдістемелік және консультативтік көмек көрсету;
- 30) жергілікті бюджет бағдарламаларының әкімшісі функциясын атқару;
- 31) дене шынықтырумен және спортпен айналысу үшін қажетті материалдық-техникалық базаны игеру және дамыту;
- 32) туризм, дене тәрбиесі және спорт саласындағы мәселелер бойынша халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас пен ынтымақтастықты ұйымдастыру;
- 33) ведомстволық бағынысты мекемелер мен кәсіпорындарда мемлекеттік мүлікті басқару бойынша мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыру;
- 34) мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;
- 35) ведомстволық бағынысты кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді бекітілген мерзімде қарау, келісу және бекіту;
- 36) ведомстволық бағынысты мекемелер мен кәсіпорындардағы мүліктің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;
- 37) коммуналдық заңды тұлғаға берілген немесе меншікті шаруашылық қызметінің нәтижесінде олармен иеленген, коммуналдық мүлікті алып қоюға немесе мүлікті қайта бөлу бойынша өкілетті органға келісім беру;
- 38) Басқарма мәселелеріне қатысты Астана қаласының әкімі (бұдан әрі – әкім) мен әкімдігінің актілер жобаларын әзірлеу;
- 39) жергілікті атқарушы органға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін басқа да өкілеттікті жергілікті мемлекеттік басқару мүддесі үшін жүзеге асыру.

17. Құқықтар мен міндеттері:

- 1) жоғары тұрған органдарға белгіленген тәртіппен Астана қаласы аумағында туризмді, дене тәрбиесін және спортты дамыту мәселелері бойынша жобалар әзірлеуге және енгізуге;

2) мемлекеттік органдардан, өзге ұйымдар мен лауазымды тұлғалардан өз құзыретіндегі мәселелер бойынша ақпарат сұратуға және алуға;

3) туризм, дене тәрбиесі және спорт саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметтері бойынша мониторингті жүзеге асыруға ;

4) сотта талап қоюшы және жауапкер болуға;

5) қала аумағында Қазақстан Республикасының туризм, дене тәрбиесі және спорт саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына қайшы келетін жергілікті атқарушы органдардың шешімдерінің, қаланың мекемелері мен қызметтерінің нормативтік және әдістемелік құжаттарының күшін жоюын ұсынуға ;

6) Басқарма құзырындағы мемлекеттік ұйымдардың құрылымын және шекті штат санын анықтауға ;

7) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға .

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы әкімдігінің 26.03.2015 № 112-400 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру

18. Басқарма басшылығын Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады .

19. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Басқарма басшысын әкім қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

20. Басқарма басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. Басқарма басшысының өкілеттігі:

1) өзінің орынбасарлары мен Басқарманың бөлімдері басшыларының міндеттерін белгілейді және жауапкершілік деңгейін бекітеді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарма қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

3) Басқарма қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады және ынталандырады;

4) өз құзыреті шегінде Басқарма қызметкерлері мен Басқарманың жүргізуіндегі ұйымдары орындауға міндетті бұйрықтар, нұсқаулықтар шығарады ;

5) Басқарма құзыретіне жататын сұрақтар бойынша құқықтық актілерді және басқа да құжаттарды әзірлеуді бақылайды;

6) Басқарманың бөлімдері туралы ережені бекітеді;

7) Басқармаға ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарының басшыларын тағайындайды және жұмыстан босатады, көтермелейді және тәртіптік жаза қолданады, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек тәртібін қолдау жөнінде басқа да ықпал ету шараларын қолданады;

8) Басқармадағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет бойынша жеке жауапкершілік алады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Басқарма мүддесін білдіреді;

10) өз құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Басқарма басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

22. Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

4. Басқарманың мүлкі

23. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарманың өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

26. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Ережеге қосымшаға сәйкес Басқарманың қарамағындағы мемлекеттік заңды тұлғалардың тізбесі.

«Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт

б а с қ а р м а с ы »
м е к е м е с і
қ о с ы м ш а

м е м л е к е т т і к
т у р а л ы е р е ж е г е

**«Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік кәсіпорындардың
және мекемелердің тізбесі**

1. «Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «№1 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны .

2. Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасының «№ 2 Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы .

3. Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасының «№ 3 балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы .

4. Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасының « Олимпиада резервінің мамандандырылған № 4 балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

5. Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасының «№ 5 Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

6. Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасының «№ 6 балалар мен жасөспірімдердің олимпиадалық резервтің мамандандырылған спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

7. Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасының «№ 7 Олимпиадалық резервінің балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

8. Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасының «№ 8 Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

9. Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасының «№ 9 Балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы .

10. Астана қаласы әкімдігінің «№ 10 балалар мен жасөспірімдердің шайбалы хоккейден мамандандырылған спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық қ а з ы н а л ы қ к ә с і п о р н ы .

11. Астана қаласы әкімдігінің «Астана» спорттың ойын түрлері клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
12. Астана қаласы әкімдігінің «Толағай» жоғары спорт шеберлігі мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
13. Астана қаласы әкімдігінің «Астана» көкпар клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
14. «Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Астана» су добынан спорттық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
15. Астана қаласы әкімдігінің «Астана батыры» жекпе-жек күрес клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
16. Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасының «Қайсар» спорт клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
17. Астана қаласы әкімдігінің «Жігер» спорттық клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
18. Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасының «Достық» спорткомбинаты» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
19. Астана қаласы әкімдігінің «Дәулет» спорткомбинаты» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
20. Астана қаласы әкімдігінің «Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
21. Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасының «Х.С. Омаров атындағы шахмат клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
22. Астана қаласы әкімдігінің «Алау» мұзайдыны сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
23. Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасының «Олимпиадалық резерв дайындау орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
24. «Астана қаласының Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Мамандандырылған жоғары спорт шеберлігі мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.
25. «Астана қаласы Туризм, дене тәрбиесі және спорт басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қазақстан» спорт сарайы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
26. «Туристік ақпарат орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

